

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының ұшуын электрлі жарықпен-техникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 350 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 шілдеде № 11637 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-42) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспенің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тілінде өзгермеді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.07.2019 № 509 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының ұшуын электрлі жарықпен-техникалық қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада бекітілген тәртіпте мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі
В. С. Школьник _____
2015 жылғы 5 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 350 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының ұшуын электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының ұшуын электрлі жарықпен қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес, сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсыныстары ескеріле отырып әзірленді.

2. Осы Қағидалар ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз етуді, азаматтық авиация ұйымдарындағы электр қондырғыларын техникалық пайдалануды регламенттейді.

3. Осы Қағидаларың талаптары азаматтық авиацияның кәсіпорындары мен ұйымдарының басшы құрамына, ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз етумен байланысты немесе өз қызметінде электр қондырғыларын қолданатын және азаматтық авиация ұйымдарында олардың техникалық пайдалануды ұйымдастыру мәселелерін шешетін инженерлік-техникалық құрам мен қызметтерге қолданылады.

4. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз етуге:

1) регламенттерге, зауыттық нұсқаулықтарға, осы Қағидаларға, сондай-ақ басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық қағидаларға сәйкес электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі құжаттармен сәйкес сыртқы электрмен жабдықтау көзінен электр энергиясын беруге және таратуға арналған әуежайдың электр қондырғыларын, жарықпен сигнал беру жабдығы жүйелерін (бұдан әрі – ЖСБЖ), әуеайлақ белгілерін, жер үсті аэронавигациялық оттарын, перронды прожекторлық жарықтандыру жүйелерін, автономды және резервтік электрмен жабдықтау көздерін техникалық пайдалану;

2) азаматтық авиация ұйымдарының өндірістік және жолаушылар нысандарының электр қуаты мен жарықтандыру жабдықтарын, әуежайдың орталық тарату пункттері мен трансформаторлық қосалқы станцияларын техникалық пайдалану;

3) электрмен жабдықтаудың сыртқы көзінен алынатын электр энергиясын ұтымды және мақсатқа сай пайдалану;

4) нысандарды электрмен жабдықтаудың және электр қондырғыларының жұмысының сенімділігін арттыруды, техникалық қызмет көрсету сапасын арттыруды және электр энергиясын үнемдеуді қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

Ұшудың электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз етілуі ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қызметімен (бұдан әрі – Қызмет) жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар, терминдер мен аббревиатуралар:

1) автономды электрмен қоректендіру көзі – әуежайдың электр желісімен байланысы жоқ және кепілдендірілген электрмен қоректендіру қалқанына немесе тікелей электр қабылдағыштарға қосылған электрмен қоректендіру көзі;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

3) әуеайлақ минимумы – осы әуеайлақта осы үлгідегі әуе кемесінің ұшуын және қонуын орындауға рұқсат етілетін ұшып-қону жолағы мен бұлттардың төменгі шектік биіктігіндегі (немесе шешім қабылдау биіктігіндегі) көрінімдердің ең аз рұқсат етілетін мәні;

4) әуеайлақтың жарық сигнал беру жабдығының жүйесі – әуеайлақта белгілі схема бойынша орналастырылған және көрінімнің әртүрлі жағдайында әуе кемелерінің ұшып шығуын, қонар алдындағы соңғы кезеңін, қонуы мен жермен жүруін қамтамасыз етуге арналған жарық сигнал беру аспаптарының, электр жабдықтары мен басқару аппараттарының жиынтығы;

5) әуежай объектілерін электрмен қоректендірудің бұзылуы – электрмен қоректендірудің осы объектіні резервтік қуат көзіне ауыстыру үшін белгіленген мерзімнен кем уақытқа ажыратылуы;

6) әуежай объектілерін электрмен қоректендірудің істен шығуы – осы объекті үшін резервтік қуат көзіне көшу үшін белгіленген уақыттан ұзағырақ уақытқа электрмен қоректендіруді ажырату;

7) бұйымның формуляры – бұйымның техникалық жай-күйін көрсететін және оны пайдалану жөніндегі мәліметтерді (жұмыс ұзақтығы мен жағдайлары, ТК, жөндеу түрлері, құрамдас бөліктер мен бөлшектерді ауыстыру және пайдаланудың бүкіл кезеңі

үшін басқа да деректерді қамтитын), дайындаушы кепілдік берген ЖСБЖ, ДГҚ, ҰҚБК негізгі параметрлері мен техникалық сипаттамаларын куәландыратын құжат;

8) глиссада – қонуға бет алудың соңғы кезеңінде әуе кемесінің төмендеуі үшін белгіленетін ұшу бейіні;

9) глиссадалық оттар – глиссаданы көзбен көріп индикациялауға арналған оттар;

10) жарықтың орташа күші – жарық шоғыры шашуының берілген бұрыштары шегінде барлық бағыттар бойынша жарық күшінің орташаланған мәні;

11) желілік от – ең үлкен аралықпен көлденең желі бойына орнатылып, қашықтықтан қысқа жарық жолағы болып көрінетін екі немесе одан да көп оттар;

12) жердегі аэронавигациялық от (от) – әуе кемелерінде орнатылған оттарды қоспағанда, аэронавигациялық құрал ретінде пайдалануға арналған, жарықты бөлуі анықталған бағыты бар жарықтандыру құрылғысы;

13) көрінімділік – авиациялық мақсаттар үшін көрінімділік келесі шамалардың ең үлкенін білдіреді:

жерге жақын орналасқан, рұқсат етілген өлшемдегі қара нысанды жарық фонында бақылау арқылы ажыратуға және анықтауға болатын ең үлкен қашықтық (а);

жарықтандырылмаған фонда шамамен 1000 кд жарық күші бар оттарды ажыратуға және анықтауға болатын ең үлкен қашықтық (b);

Бұл екі қашықтықтың ауада белгілі бір жұтылу жылдамдығымен әртүрлі мәндері бар, соңғысы (b) фонның жарықтандырылуына байланысты, ал біріншісі (a) көрінудің метеорологиялық оптикалық диапазонымен сипатталады (MOR);

14) қызмет объектілері – ұшуды жарықпен техникалық қамтамасыз етуге, 10 (6) киловольттық кернеуді 0,4 киловольтқа трансформациялауға, электр энергиясын әуежай объектілерінің, авиакәсіпорындарының қызметтік және жолаушы объектілері электр күш жабдықтары арасында беру және бөлуге арналған электрлі қондырғылары бар объектілер; өнеркәсіптік энергия жиілігін басқа энергия күшіне немесе басқа жиіліктегі энергия күшіне өзгертуге, өндірістік мақсаттағы объектілердің ішінде электр энергиясын беру мен бөлуге арналған басқа қызметтер объектілері, электр қондырғылары бар объектілер, сондай-ақ олардың электр күш және жарық беру жабдықтары.

15) оттар жүйесінің сенімділігі – жүйенің үздіксіз және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ете отырып, жабдықтың белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгіленген пайдалану шегінде жұмыс істеу қабілеті;

16) отты ауыстыру уақыты – оттың 25% немесе одан жоғары қарқындылық мәндерінде жұмыс істеген кезде электрмен жабдықтау көздерін ауыстыру кезінде 50% - дан төмен түскеннен кейін берілген бағытта өлшенген оттың нақты қарқындылығын 50% мәніне дейін қалпына келтіруге кететін уақыт;

17) оттың істен шығуы – қандай да бір себеппен жарықтың орташа күшінің берілген сәуле шашу бұрыштарында жаңа оттың нормалық жарық күшімен салыстырғанда 50% астам төмендеуі;

18) профилактикалық техникалық қызмет көрсету регламенті – техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі мен көлемін белгілейтін құжат;

19) резервтік электрмен қоректендіру көзі – негізгі көзден электрмен қоректендіру бұзылған жағдайда электр қабылдағыштарға қосылатын және негізгі көзден электрмен қоректендіруді қалпына келтіруге қажетті максималды уақыттан асатын уақыт ішінде электрмен қоректендіруді қамтамасыз ететін қуат көзі;

20) талдау – персоналдың кәсіби дайындығын жетілдіру, жұмыстағы ауытқуларды жою және олардың алдын алу мақсатында жұмысты орындау сапасын талдау;

21) тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы – теңгерімдік тиесілілігі немесе электрмен жабдықтау шарты бойынша айқындалатын және тараптардың теңгерімдік тиесілілігі мен пайдалану жауапкершілігін ажыратудың тиісті актісімен расталған күтіп-ұстауға және техникалық жай-күйге жауапты шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы энергетикалық жабдықты және/немесе осы шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында электр желісін бөлу нүктесі;

22) тәуелсіз қуат көзі – кернеу немесе басқа қуат көздері жоғалған кезде реттелетін шектерде апаттан кейінгі режимде сақталатын қуат көзі.

Тәуелсіз қуат көздерінің қатарына бір немесе екі электр станциялары мен қосалқы станциялардың екі секциясы немесе шиналар жүйесі кіреді, сонымен бірге келесі екі шарт бір уақытта орындалады:

секциялардың немесе шиналар жүйелерінің әрқайсысы өз кезегінде тәуелсіз қуат көзінен қуат алады;

секциялар (жүйелер) шиналар бір-бірімен байланыспаған немесе шиналар секцияларының (жүйелерінің) бірінің қалыпты жұмысы бұзылған жағдайда автоматты түрде ажыратылатын байланысы бар;

23) технологиялық карта – регламенттік операцияларды орындау тәртібін, техникалық талаптарды, қолданылатын құралдарды және қажетті еңбек шығындарын қамтитын құжат;

24) ұшу-қону жолағындағы көрінім (ұшу-қону жолағындағы көрінім қашықтығы) – ұшу-қону жолағының остік сызығындағы әуе кемесінің ұшқышы ұшу-қону жолағы жамылғысының таңбалануын немесе оны шектейтін немесе оның остік сызығын белгілейтін оттарды көре алатындай шектегі ең ұзақ қашықтық;

25) ҰЭЖТҚЕ – ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету;

26) электр желісінің теңгерімдік тиесілігінің шекарасы – электр энергиясы нарығының шаруашылық жүргізуші субъектілері: энергия өндіруші, энергия беруші

ұйымдар және тұтынушылар арасындағы, сондай-ақ электр желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша айқындалатын тұтынушылар мен қосалқы тұтынушылар арасындағы электр желісін бөлу нүктесі;

27) электрмен жабдықтау – әуежай мен оның объектілерін энергия жүйесінен электр қуатымен қамтамасыз ету;

28) электрмен жабдықтаудың сыртқы көзі – әуеайлақтың ішкі тарату желілеріне электр энергиясын беру, әуе және/немесе жерасты кабельдік желілері арқылы жүзеге асырылатын сыртқы электр желісі;

29) электр қондырғылары – электр энергиясын өндіруге, өзгертуге, трансформациялауға, беруге, бөлуге және оны энергияның басқа түріне айналдыруға арналған машиналардың, желілік аппараттар мен қосымша жабдықтардың (осылар орнатылған ғимараттары және үй-жайларымен бірге) жиынтығы.

30) электрмен қоректендірудің кепілдікті жүйесі – нормативтік мерзімнен аспайтын уақыт ішінде электрмен жабдықтауды (электрмен қоректендіруді) қалпына келтіруді қамтамасыз ететін қоректендірудің резервтік жүйесі;

31) электрмен қоректендірудің үздіксіз жүйесі – технологиялық жабдық жұмысының үзіліссіздігі бұзылмайтындай уақыт ішінде электрмен жабдықтауды (электрмен қоректендіруді) қалпына келтіруді қамтамасыз ететін электрмен қоректендіру жүйесі;

32) I санаттағы электр қабылдағыштар – электрмен жабдықтаудың үзілуі адам өміріне қауіп төндіруі, кәсіпорындардың экономикасына елеулі залал келтіруі, қымбат тұратын негізгі құрал-жабдықтардың зақымдануы, өнімдердің жаппай ақауы, күрделі технологиялық процестің бұзылуы, электр энергиясының үзілуіне әкелуі мүмкін электр қабылдағыштардың, коммуналдық шаруашылықтың аса маңызды элементтерінің жұмысының бұзылуы.

I санаттағы электр қабылдағыштардың құрамынан электр қабылдағыштардың арнайы тобы бөлінеді, олардың үздіксіз жұмыс істеуі адам өміріне, жарылыстарға, өрттерге және қымбат тұратын негізгі құрал-жабдықтардың бүлінуіне жол бермеу мақсатында өндірісті апатсыз тоқтату үшін қажет.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әуежайлардың электрлік техникалық жабдықтары

6. Әуежайдың электрмен жабдықтау жүйесі қызмет көрсету нысандарын, сондай-ақ егер жүйенің электр қуаты бос болса, жасалған азаматтық-құқықтық шарттар негізінде әуежай аумағында орналасқан басқа тұтынушыларды электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Әуежайлардың электрмен қоректендіру жүйелерін қайта жаңарту мен салу жобалық және техникалық құжаттамаға, әуежайларда әуе кемелерін қондыру жүйесінің жарықпен сигнал беру және электр жабдықтарының жобалау нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Сыртқы электр энергия көздерін әуеайлақтың, аэронавигация объектілерінің кіру трансформатор кіші станциясына дейін электр тарату желілері трасса сипатына және оның әуе қатысты орналасуына байланысты әуе немесе кабельдік болуы мүмкін.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету, навигация, қондыру және байланыс объектілерінің, әуежай және бөгде ұйымдардың электр энергиясын тұтынушылардың ерекше топтағы электр қабылдағыштарды бірінші санатты және бірінші санатты топпен қоректендірілетін жоғары кернеулі және төмен кернеулі тарату құрылғыларына қосуға тыйым салынады.

10. ЖСБЖ нысандарының кепілді қоректендіру қалқандарына осы нысандардың жұмысы мен қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін тұтынушыларды қосуға рұқсат етіледі (апаттық жарықтандыру, технологиялық: жылыту, желдету және ауаны баптау). Кепілді қоректендіру қалқандарына қосылған тұтынушылардың тізбесі Қызметтің тізілімінде қалыптастырылады және Қызмет басшысымен бекітіледі. Уақытша қосылуға Қызмет басшысының мерзімі мен негізі көрсетілген жазбаша өкімі бойынша ғана жол беріледі және ол хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. I санатты электр қабылдағыштар өзара резервтейтін тәуелсіз екі қоректендіру көзінен электр энергиясымен қамтамасыз етіледі және қоректендіру көздерінің бірінен электрмен жабдықтау бұзылған кезде оларды электрмен жабдықтау үзілісі қоректендіруді автоматты түрде қалпына келтіру уақытына ғана рұқсат етіледі.

12. Бірінші санатты электр қабылдағыштардың ерекше тобын электрмен жабдықтау үшін үшінші өзара резервтейтін тәуелсіз көзден қосымша қоректендіру көзі көзделеді.

Электр қабылдағыштардың ерекше тобының үшінші тәуелсіз қоректендіру көзі ретінде және бірінші санаттағы қалған электр қабылдағыштардың екінші тәуелсіз қоректендіру көзі ретінде жергілікті электр станциялары, энергия жүйесі электр станциялары (мысалы, генератор кернеуінің шиналары), үздіксіз қоректендірудің арнайы агрегаттары, аккумулятор батареялары және тағы сол сияқты пайдаланылады.

13. Электрмен жабдықтаудың сенімділік дәрежесіне қарай электр энергиясын тұтынушылардың санаттары және электрмен жабдықтау бұзылған жағдайда оттарды ауыстыру уақыты Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің

2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген) азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларының 57-қосымшасында келтірілген талаптарға сәйкес келуге тиіс (бұдан әрі – ҚР АА ӘПЖН). ҚР АА ӘПЖН-ға өзгерістер енгізілген жағдайда уәкілетті орган ілеспе түсіндірме жариялайды және алты ай ішінде осы Қағидалар мен пайдаланушының жергілікті регламенттерін сәйкестендіруді қамтамасыз етеді. Қарама-қайшылықтар болған жағдайда түпкілікті реттеу жүзеге асырылғанға дейін қауіпсіздіктің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ететін норма уақытша қолданылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Жарықпен сигнал беру жабдықтарына қуат көзін беретін трансформатор кіші станциясына электр қорегін резервтейтін дизель-электр агрегаттар екінші-үшінші дәреже бойынша автоматтандырылады (Дизельдер мен автоматты газ қозғалтқыштары. Автоматтандыру көлемі бойынша сыныптау).

3. Әуеайлақтардың жарықпен сигнал беру жабдықтарының жүйелері

16. Әуеайлақтардың жарықпен сигнал беру жабдықтарының жүйелері әуе кемелерінің түнде, сондай-ақ көрінімнің шектеулі болған жағдайларында қонуға кіруін, қонуын, ұшып шығуы мен жермен жүруін қамтамасыз етуге арналған.

17. Қону және ұшып шығу үшін белгілі бір минимумды қамтамасыз ету талаптарына қарай жарықпен сигнал беру жабдығы жүйелерінің әртүрлі құрамдары, оттардың әртүрлі орналасу схемалары мен техникалық сипаттамалары болады.

18. Жарықпен сигнал беру жабдықтарының жүйесі оттардың құрамына, орналастыру схемалары мен электрмен қоректендіруге қойылатын талаптар келтірілген әуеайлақтардың жарамдылық нормаларына сәйкес келеді. Жүйе құрамына кіретін жабдықтар сипаттамаларына қойылатын талаптар жабдықтардың тиісті жарамдылық нормаларында анықталады.

19. ЖСБЖ орналасуы мен құрамына қатысты барлық өзгерістер, оның жұмысындағы бұзушылықтар және оны жөндеу кезінде өшіру, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 420 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15427 болып тіркелген), Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес тиісті аэронавигациялық ақпарат жарияланады.

ЖСБЖ құрамының өзгеруі туралы уақтылы және дұрыс ақпаратты бақылауды Қызмет бастығы жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Әуеайлақтардың электр жарығымен сигнал беру жабдықтарының жүйесі толық дұрыс істегенде немесе осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген оттардың рұқсат етілген бөлігі істен шыққан болса ғана ол ұшуды пайдалану талаптарына сай келеді. Электр жарығының жабдығы жартылай істен шыққан кезде пайдалануға шектеулер осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген, бұл ретте ұшуды жалғастыруға рұқсат етіледі немесе минимум көтеріледі.

Жарықтандыру жабдықтарына профилактикалық техникалық қызмет көрсету жүйелерінің мақсаттары осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 12.12.2024 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. ЖСБЖ-на арналған электрмен жабдықтау жүйелері жабдықтың жекелеген элементтері (оның ішінде фидерлер) істен шыққан кезде ұшқыш бағдарлармен тиісті визуалды байланысын сақтайтын және бұрмаланған ақпаратты қабылдамайтындай етіп жасалған. Әрбір ішкі жүйелерде шамдардың резервтелуі және барынша қамтамасыз етілуі тиіс жарық-сигналдық суреттің сақталуы мүмкін. Ішкі жүйелердегі кабельдік желілердің саны жүйенің мақсатына, санатына, шамдардың қуаты мен орналасуына байланысты анықталады – ҚР АА ӘПЖН сәйкес.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жүйелерді пайдаланудың және оларды басқарудың тәртібі бірінші, екінші және үшінші санаттағы жоғары қарқынды оттар және қарқыны төмен аз оттар жүйесін пайдалану және оларды басқару жөніндегі ұшқыштар мен диспетчерлер құрамдары үшін нұсқаулықтарда келтірілген.

23. ЖСБЖ жүйелерін ұшу тексерулері осы Қағидаларға 23-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес фото және бейне құжаттамамен жүргізіледі. Ұшу және аспаптық тексерулердің есептері электрондық түрде кемінде бес жыл сақталады және реттеуші орган үшін жабық бөлімде жарияланады. Даулы көрсеткіштер болған жағдайда аккредиттелген зертхана он бес жұмыс күні ішінде тәуелсіз тексеру жүргізеді. Тексеру нәтижелері мен ақаулар актілері жою мерзімдерін және жауапты тұлғаларды көрсете отырып, міндетті түрде жариялануға тиіс.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Әуеайлақ маңы аумағының шегінде орналасқан барлық объектілер биіктігі кедергіні шектейтін жазықтық деңгейінен жоғары немесе сол деңгеймен пара-пар болса, сондай-ақ әуе кемелерінің қозғалысы аймағында радиожарықтехникалық және метеорологиялық жабдықтар объектілері орналасқан болса, жарық қоршауы болады.

26. Жарық қоршауы азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай орындалады. Жарықтық қоршау құрылғыларын (оттарды) пайдалануды, жөндеуді және ұстап тұруды сол қоршау орнатылған объектінің иесі жүргізеді.

4. Әуеайлақтардың жарықтау жабдықтары

27. Жолаушылар перронының жұмыстық аймақтарындағы, әуе кемелері тұрағы орындардағы, арнайы белгіленген алаңдардағы, арнайы автокөліктер мен механикалық құралдарды сақтау алаңдарындағы сыртқы жарық беретін жарықтау қондырғылары қолданыстағы жобалаудың құрылыс нормаларында көрсетілгеннен кем емес аудан жабыны деңгейінде көлденең жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.

28. Перронның, тұрақ орындарының, арнайы белгіленген алаңдардың әуе кемелері мен жолаушыларға қызмет көрсетілмейтін жерлердің көлденең жарықтануы (ұшақтар тұратын орындар арасы, қызметтік кіретін жолдар тағы сол сияқты) жобалаудың қолданыстағы құрылыс нормаларында көрсетілгеннің кемінде 50% құрайды.

Перронда, тұрақ орындары мен арнайы белгіленген алаңдарда технологиялық процестер тоқтатылған кезде адамдар және арнайы автокөліктер қозғалысының қауіпсіздігі үшін, сондай-ақ сол жерлерде авариялық жағдайлар пайда болғанда жұмыстарды жалғастыра беру үшін жұмыстық жарықтандыру желісінде жер бетінде 1 люкстен кем болмайтын деңгейде көлденең жарықпен кезекші (авариялық) жарық болады.

29. Сыртқы жарық беретін жарықтау қондырғыларын электрмен қоректендіру және оны басқару схемасы басқа аумақтарда (құрылыс және қайта жаңарту кезінде) кезекші жарық көздерін сақтай отырып, әуе кемелері тұрақтарының топтары немесе жеке тұрақтары бойынша олардың орталықтандырылған (объектілердің жекелеген кешендері бойынша) және жергілікті жағылуы мен өшірілуін қамтамасыз етеді.

Жергілікті басқару жарықтау құрылғылары орнатылған прожекторлық бағаналардан немесе ғимараттар мен құрылыстардан жүзеге асырылады.

30. Прожекторлық қондырғылар ұшуды, қонуды, жермен жүруді орындайтын әуе кемелерінің экипаждарына, сондай-ақ командалық-диспетчерлік пунктінң диспетчерлер персоналына көз қарықтырарлық әсерін тигізбейді.

5. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдықтарын техникалық пайдалану

31. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдықтарын техникалық пайдалану оларды жарамды жағдайда ұстау мақсатында Қызмет персоналы жүргізетін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралардан тұрады.

32. Әуежайдың электр қондырғыларын техникалық пайдалану дайындаушы зауыттардың техникалық құжаттамасына, олардың техникалық пайдалану регламенттеріне, осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

33. Техникалық пайдалану келесі іс-шараларды қамтиды:

1) техникалық пайдалануды ұйымдастыруды, техникалық пайдалануды және күрделі жөндеуді жоспарлауды;

2) қызметті материалдық-техникалық қамтамасыз ету, электр қондырғыларын қабылдау және пайдалануға беру, қызмет көрсететін персоналды оқыту және өз бетінше жұмыс істеуге жіберу;

3) техникалық қызмет көрсету, оның ішінде жедел және мерзімді (мерзімдері мен ресурстары бойынша) техникалық қызмет көрсету, авариялық, ағымдағы және профилактикалық жөндеу жұмыстары, электр қондырғыларын жетілдіру мақсатында қайта қарау, жаңадан орнатылған ұшуды электрмен жарықтандыру жабдықтарын орнатуды қадағалау.

Техникалық қызмет көрсету жабдықты өндіруші ұйымдардың нұсқаулықтарында (басшылықтарында), профилактикалық қызмет көрсету ережелерінде, тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелерінде белгіленген көлемде және жиілікте, жергілікті пайдалану тәжірибесін сонымен қатар істен шығу жиілігі, жабдықтың тозу дәрежесі, климаттық ерекшеліктер және басқа факторларды ескере отырып жүзеге асырылады.

Техникалық қызмет көрсету түрлері және оны жүзеге асыру әдістері техникалық қызмет көрсетудің әрбір түрі үшін әзірленген және жабдықты әзірлеуші немесе азаматтық авиация ұйымының басшысы бекіткен технологиялық карталармен анықталады;

4) азаматтық авиация ұйымдарының қызметтері бойынша электр энергиясының шығынын бөлу және бақылау;

5) жабдықтарды, қосалқы жабдықтар мен аспаптардың, қосалқы құралдар мен керек-жарақтардың (ҚҚКЖ), бекітілген ЖСБЖ мен материалдардың төмендетілмейтін авариялық-қоры кірісі мен шығысы осы Қағидалардың 25-қосымшасына сәйкес журналға жазбаларды енгізе отырып есепке алынады;

6) электр қондырғыларын пайдалану, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың сақталуын бақылау;

7) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қызметі құжаттамасының тізбесін сақтау;

8) техникалық қызмет көрсету әдістерін жетілдіру және ұйымдастыру.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету объектілері мен жабдықтарын техникалық пайдалану ұйымы:

1) ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдықтарының істен шығуын, бұзылуын, аварияға ұшырау мен жұмыстағы басқадай ақаулықтарын алдын-ала ескеруді;

2) Қызметтің әрбір қызметкеріне белгіленген жұмыс учаскесін жеке белгілейді;

3) қызмет көрсетуші персоналдың еңбек өнімділігінің көтерілуін және Қызметтің әрбір қызметкерінің орындаған жұмысының есептелуін қамтамасыз етеді.

35. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету міндеттерін орындау үшін Қызметтің құрылымдық схемасы функционалдық мақсаты бойынша және әуежай класына пайдаланылатын жабдықтың болуына және әуеайлақ минимумына қарай ұйымдастырылады.

Қызмет мынадай бөлімшелерден (топтар мен түйіндерден) тұрады:

1) ұшуды жарық техникасымен қамтамасыз ету;

2) ұшуды электрлі техникалық қамтамасыз ету;

3) жоғары кернеулі электрлі техникалық зертхана;

4) автоматика және телемеханика;

5) жоғары кернеулі электрлі жабдық;

6) төмен кернеулі электрлі жабдық;

7) дизель-электрлік станция (егер ол әуежайдың негізгі электр энергия көзі болса);

8) жедел топ;

9) жалпы мақсаттағы объектілердің өндірістік-тұрмыстық бөлмелерінің электр жабдықтарына қызмет көрсететін топ;

10) жөндеу-пайдалану шеберханасы;

11) жоспарлы алдын ала жөндеулерді және есептеуді жоспарлаушы топтар;

12) тіркелген әуежайлар тобы.

36. Қызметтің құрылымдық бөлімшелері Қызмет бастығына бағынады.

37. Қызметтің жұмысын жоспарлау перспективалық және ағымдық болып бөлінеді.

38. Перспективалық жоспарлау:

1) азаматтық авиация ұйымын электрмен қамтамасыз ету жүйесінің озыңқы дамуын ;

2) электрмен қоректендірудің және электр қондырғыларының сенімділігін арттыру;

3) электр жабдықтары мен электр желілерін жаңғырту және қайта жаңарту;

4) электр энергиясының үнемделуін қамтамасыз етеді.

39. Жабдықтарды күрделі жөндеу кезеңділігінің кестесіне және электр жабдықтарын күрделі жөндеу және қайта құру жоспарының жобасына сүйене отырып, ұзақ мерзімді күрделі жөндеу жоспарының жобасын әзірлеу, әрі қарай үйлестіру, жобалау және Қызмет жоспарларына енгізу.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Ағымдағы жоспарлау келесі әзірлеуді қамтиды:

1) электр қондырғыларындағы жоспарлы-алдын алу жұмыстарының жылдық кестелері және ЖСБЖ регламенттік жұмыстары;

2) күзгі-қысқы маусымға (бұдан әрі – КҚМ) және көктемгі-жазғы маусымға (бұдан әрі – КЖМ) ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету нысандарын маусымдық дайындау жоспарлары;

3) Қызметті оқыту және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспарлары;

4) электр энергиясын тұтыну жоспары;

5) қызметтің жабдықтарын, ғимараттары мен үй-жайларын күрделі жөндеудің жылдық жоспарлары.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Қызмет жабдықтарына техникалық қызмет көрсету оның жай-күйі ескеріле отырып, жарықтану жүйесінің регламенттерінде, сондай-ақ дайындаушы зауыттардың жабдықтарына қоса берілген техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарында белгіленген көлемде және мерзімде, жарықпен сигнал беру құралдарының жоспарлы-алдын алу жөндеулері мен регламенттік жұмыстарының жылдық графигі бойынша жоспарланады және орындалады.

42. Жарықпен сигнал беру жабдықтары регламенттік жұмыстарының жылдық графиктері торап және топ басшыларының әзірлеген графиктері негізінде Қызмет бастығы дайындайды және мүдделі қызметтермен келісіледі және азаматтық авиация ұйымының басшысымен немесе оның орынбасары бекітеді.

Электр қондырғыларының жоспарлы-алдын алу жөндеулері мен жарықпен сигнал беру жабдықтарының регламенттік жұмыстарының үлгі жылдық графиктері тиісінше осы Қағидаларың 4 және 5-қосымшаларында көрсетілген.

43. Жоспарлы-алдын алу жұмыстарының кестесі шеңберінде жүргізілетін іс-шаралардың орындалуы жауапты тұлғалардың қолы қойылған жазбалармен және Қызмет басшысының жұмыстардың орындалуын тексеруімен расталады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Маусымдық (күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы кезеңде) жұмыстарға дайындалу жоспарлары өткен жылдардың ұқсас маусымдарында орын алған электр жабдықтары мен электр желілерінің жұмысындағы кемшіліктер ескеріле отырып жасалады.

45. Жабдықтар бойынша күрделі жөндеу мен қалыпқа келтірудің жылдық жоспары осы Қағидаларың 6-қосымшасына сәйкес Қызмет жабдықтарының ақаулық ведомстволары, электр қондырғыларының күрделі жөндеуден өтетін кезеңдік графигі негізінде жасалады.

46. Пайдалану процесінде орындалған электр қондырғыларындағы барлық өзгерістер электр қондырғыларына жауапты тұлғаның қолы қойылған сызбаларда және сызбаларда оның лауазымы мен өзгертілген күні көрсетіліп уақытылы көрсетіледі. Сызбалардағы өзгерістер туралы ақпарат нарядтармен өкімдер бойынша жұмыстарды есепке алу журналына жазыла отырып, осы сызбаларды білуі қажет барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Электр схемаларының электрмен жабдықтаудың нақты пайдалану схемаларына сәйкестігі жыл сайын тексеру белгісімен тексеріледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Қызмет мамандарының жұмысты өздігімен орындауына рұқсат беру келесі ретпен жүзеге асырылады:

1) маманды жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығару;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген), Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламаларының (бұдан әрі – Үлгілік бағдарламалар) талаптарына сәйкес оқудан өту;

3) ең тәжірибелі маманның жетекшілігімен маманның тағылымдамасын өткізу (әуеайлақтың ерекшеліктерімен әзірленген бағдарламаларға сәйкес жарық-сигналдық жабдықтар мен электр жүйелеріне техникалық қызмет көрсету технологиясымен, әуеайлақта ұшуды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қызметтермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібінде, қызмет мамандарының жұмыс технологиясымен және осы Қағидалармен танысу және зерделеу);

4) ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарды, лауазымдық нұсқаулықтарды және әуеайлақты күтіп-ұстау технологиясын білу бойынша сынақтарды қабылдау;

5) өзіндік жұмысқа рұқсат беру туралы бұйрық шығару.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдықтарын пайдалануға енгізу

49. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдықтарын пайдалануға енгізу қолданыстағы азаматтық авиация саласындағы заңнамаға, жобалық және техникалық қабылдау-өткізу құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

50. Пайдалануға енгізу мыналарды қамтиды:

1) жабдықтың жеткізілуін, оның сақталуын және оның монтаждалатын бөлшектерін мердігерлік ұйымдарға акті бойынша берілуін бақылау;

2) құрылыстық-монтаждық және іске қосуды реттеу жұмыстарының жүргізілуін техникалық қадағалау;

3) әуеайлақтың жарықпен сигнал беру жабдықтары жүйесіне техникалық жердегі және ұшу тексерістерін жасау;

4) жабдықтың пайдалануға енгізілуіне құжаттамаларды ресімдеу.

51. Жабдықтардың құрылысы, монтаждалуы, күрделі жөндеуден өтуі және бапталуы кезінде Қызмет жүргізетін техникалық қадағалау жүзеге асырылады.

Техникалық қадағалауды жүргізу кезінде мынадай құжаттарды басшылыққа алу қажет:

1) құрылыс, жабдықты орнату және монтаждауға жобалау құжаттамасы;

2) дайындаушы зауыттардың монтаждау және пайдалану жөніндегі техникалық сипаттамалары мен нұсқаулықтары;

3) жарықпен сигнал беру жабдығын қабылдау жөніндегі нұсқаулық;

4) жарамдылық нормалары;

5) өнеркәсіптік, тұрғын және азаматтық ғимараттар мен құрылыстардың салынуына тапсырыс берушінің (салушының) техникалық қадағалауы туралы ереже.

52. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар апта сайын Қызмет бастығына құрылыстың, монтаждаудың және іске қосуды реттеу жұмыстарының барысы туралы баяндап тұрады, ал технология бұзылған, жұмыс сапасы төмен болған және жобалық құжаттама мен нормативтік талаптардан ауытқу болған жағдайларда шара қолдану үшін олар туралы жедел түрде хабарлайды.

53. Пайдалануға енгізген кезде айқындалған жабдықтардың (оның ішінде оның пломбаланбаған тораптар) жұмыс сапасы мен сенімділігіне әсер ететін ақаулар мен бұзылыстарды жою үшін тапсырыс беруші дайындаушы зауыт өкілін шақырады, ал

егер ол Қызметтің шақырғаннан кейінгі 10 күн ішінде келмеген болса, монтаждаушы және қалыптап баптаушы ұйым өкілдерімен бірлесіп, рекламациялық актіні ресімдейді.

54. Электрлі монтаждау жұмыстары бойынша қабылдау-тапсыру құжаттамасының тізбесі осы Қағидаларың 7-қосымшасында келтірілген.

55. Жарықпен сигнал беру жабдықтарының ұшу тексерісі осы Қағидаларың талаптарына сәйкес жер бетіндегі техникалық тексерістің оң нәтижелері болған кезінде жүргізіледі.

56. Электр жабдықтарын күрделі жөндеуден қабылдаған кезде мыналар тексеріледі:

1) қабылданатын жабдықтың ақаулық ведомстволарында келтірілген барлық жұмыстардың орындалуы;

2) жабдықтың паспортында, формулярында орындалған жұмыстардың жазылғаны;

3) жабдықтың техникалық жай-күйі (боялуы, механикалық зақымданулардың болмауы тағы сол сияқты)

57. Монтаждаудан, күрделі жөндеуден, қалыпқа келтіріп баптаудан кейін сынаққа немесе пайдаланушылық тексеруге шыдамаған, сондай-ақ кепілдік мерзімінен бұрын істен шыққан жабдыққа себептеріне қарай белгіленген тәртіппен рекламациялық акт немесе мердігерлік ұйыммен монтаждау, күрделі жөндеу немесе баптау жұмыстарын қайтадан жасау қажеттілігі туралы акт ресімделеді.

58. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.07.2019 № 509 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Жарықпен сигнал беру жабдығын пайдаланудың жарамдылық куәлігін беруді, ұзартуды, жаңарту мен ауыстыруды осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүргізеді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.07.2019 № 509 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету

60. Электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету мыналарды қамтиды:

1) кезендік тексерулерді өткізу;

2) жүйелі түрде оның жарамды жай-күйін қадағалап отыру;

3) жұмыс режимін бақылау;

4) Техникалық пайдалану қағидаларының талаптарын және дайындаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар орындау;

5) жеке элементтерінің жұмыс істеу қабілетін жедел қалпына келтіру;

6) қондырғыға профилактикалық сынақ жасап, реттеу, сондай-ақ авариялық, ағымдық және жоспарлы-сақтық жөндеулер.

61. Электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді осы электр қондырғыларына Қызмет басшысының жазбаша бұйрығымен бекітілген мамандар

қамтамасыз етеді. Қызмет көрсету нәтижелері осы Қағидаларға 9-10-қосымшаларға журналдарда және формулярларда жазылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсетудің арнайы рұқсат ресімдеуді талап ететін барлық жұмыстары қолданыстағы электр қондырғыларын пайдалану бойынша нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жеке нарядтар бойынша орындалады.

62-1. Қызмет көрсететін мерзімді тексерулер келесі түрлерге бөлінеді:

- күнделікті жедел тексерулер;
- жоспарлы тексерулер;
- жоспардан тыс тексерулер.

Күнделікті жедел тексерулер материалдық-техникалық құралдарды тасымалдау үшін арнайы бөлінген автокөлікті пайдалана отырып, осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау парақтарын (бақылау парақтарын) пайдалана отырып, ауысымдық қызмет маманы келгенге дейін жүргізіледі. Бұл тексерулердің мақсаты жарықтандыру жабдығының профилактикалық техникалық қызмет көрсету талаптарына сәйкестігіне әсер ететін кемшіліктерді анықтау және дереу жою болып табылады.

Жоспарлы тексерулер ҚҚМ немесе КЖМ-да жұмыс істеуге дайындық аясында жүргізіледі. Қарап-тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақаулар актілері жасалады. Көрсетілген актілер негізінде электр қондырғыларындағы анықталған ақауларды жою бойынша жоспарлар әзірленеді.

Жоспардан тыс тексерулер келесі оқиғалар болған жағдайда және (немесе) аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады:

- қарқынды жауын-шашынның түсуі;
- дауылды жел;
- шектеулі көрінімділік жағдайларында операцияларды енгізу;
- дүлей зілзалалар;
- әуеайлаққа өзге де қолайсыз табиғи әсерлер.

Ескерту. Қағидалар 62-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Әуе қозғалысына қызмет көрсетудің, радионавигация және қондыру объектілерінің электрмен жабдықтаудың, соның ішінде авариялық ажыратылуы ұшуды басқарушының (диспетчердің) келісімі бойынша ғана және аэронавигация саласындағы ұйымның ауысымдық аға инженеріне хабардар етіле отырып жүргізіледі.

64. Пайдалану процесінде электр қондырғыларының істен шығуы мен бұзылыстарынан туындайтын жөндеулер авариялық жөндеу болып саналады және жедел түрде орындалады.

65. Профилактикалық бақылаулар мен сынақтар электр қондырғыларының техникалық құжаттамаларында белгіленген параметрлері мен жұмыс режимдерінің, сәйкестігін анықтау, сондай-ақ электр жабдықтарының істен шығуына немесе техникалық параметрлерінің төмендеуіне соқтыратын бұзылыстарды болдырмау мақсатында жүргізіледі.

Профилактикалық жұмыстар мен сынақтардың мерзімі және көлемі жергілікті жағдайларды ескеру арқылы электр қондырғыларын пайдалану бойынша қолданылып жүрген нормативтік-техникалық құжаттармен анықталады және жоспарлы-алдын алу графигіне сәйкес орындалады.

66. Электр қондырғыларының пайдалану сенімділігі мен қауіпсіздігін бақылау мақсатындағы тексерістерді (сынақтарды) кезектегі жоспарлы екі жөндеудің арасында жасалатын дербес операция ретінде жоспарлау керек. Бұл ретте: оқшауламаның электрлік беріктігі, жерге тұйықтау сапасы, резервті автоматты түрде енгізудің іске қосылу уақыты, блоктау, қорғау құралдары және тағы сол сияқты.

Тексеру құрамына электр жабдықтарының сенімділігін арттыратын реттеу және бапқа келтіру жұмыстары енгізіледі.

Арнайы аппараттарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді талап ететін жабдықтарды реттеу және баптау жұмыстарын тиісті сервис орталықтары орындайды. Бұл жұмыстарды жүргізу шарттары, олардың көлемі мен төленуі жеке шартпен ресімделеді. Жұмыс нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

67. Ағымдық жөндеу келесі жоспарлы жөндеуге дейін жабдықты жұмыс істейтін жағдайда ұстау үшін жабдықты тазалау, тез тозатын бөлшектерін ауыстыру, тексеру, баптау және реттеу жұмыстарын қамтитын жөндеудің негізгі профилактикалық түрі болып табылады.

Ағымдық жөндеу жабдықтың өз орнында, ал қажет болған жағдайда - жөндеу-пайдалану шеберханаларында жүзеге асырылады.

68. Базалық және тіркелген әуежайлардың электр жабдықтарын жөндеуді, баптауды және реттеуді қамтамасыз ететін ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қызметінің жөндеу-пайдаланымдық шеберханалары технологиялық жарықтандыруы мен штаттағы мамандар санына сәйкес жеке өндірістік үй-жайларда орналастырылады.

69. Ауыр электр қондырғыларын және жылжымалы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, ағымдық және авариялық жөндеулер жасау үшін механизацияландыру құралдары көзделеді.

70. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде қолданылатын қорғаныс құралдары қолданыстағы нормативтік және техникалық құжаттарға сәйкес ұсталады, пайдаланылады және сыналады.

71. Қорғаныс құралдары мен электр-қондырғыларының жай-күйіне және сыналуына бақылауды осы Қағидаларың 14-қосымшасына сәйкес қызметтің электрлі техникалық жоғары вольтті зертханасының персоналы жүзеге асырады.

Хаттамалардың, сынақ актілері және электр қондырғыларын тексеруін ҰЭЖТҚЕ қызметінің қорғау құралдарын есепке алу осы Қағидаларың 15-қосымшаға сәйкес тіркеу арнайы журналда жүргізіледі.

72. Жарықтандыру құрылғыларына қызмет көрсету осы Қағидаларға және құрылғы өндірушісін пайдалану жөніндегі техникалық құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Тәулік ішінде сыртқы және ішкі жарықтардың жарық беруші құрылғылардың қосылуы мен өшірілуі Қызметің жыл бойына әзірлеген кестесіне сәйкес жасалады және оны азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді.

74. Пайдалану процесінде сыртқы және ішкі жарықтардың күйіп кеткен жарық беруші көздерін ауыстыру қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

75. Сыртқы және ішкі жарықтардың жарық беруші қондырғылардың жартылай күйіп кеткен жарық көздерімен уақытша пайдаланылуына жарық күшінің (бақылау нүктелерінде) төмендеуі нормадағыға қарағанда 10%-дан аспаса рұқсат етіледі.

76. Қызмет пен жердегі құрылыстарды пайдалану бөлімінің өкілдері ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қызметінің ғимараттары мен үй-жайларының құрылыс бөлігінің, оларға баратын кіреберіс жолдарының жай-күйін жылына екі реттен кем емес тексереді. Қызметтің өтініштері бойынша барлық жөндеуді жердегі құрылыстарды пайдалану бөлімі жүргізеді.

76-1. Көру мүмкіндігі шектеулі жағдайларда ұшқан кезде Қызметпен Қызмет нысандарының, ЖСБЖ, кабельдік желілер мен сақиналардың жанында техникалық қызмет көрсету бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізуге шектеу қояды.

Ескерту. Қағидалар 76-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жарықпен сигнал беру жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және ұшу тексерулері

77. ЖСБЖ-на техникалық қызмет көрсету оттар жүйесінің сенімділігін, тұрақты дайындықты және апатсыз жұмысты қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады,

техникалық сипаттамаларға, жұмыс режимдеріне және пайдалану жағдайларына сәйкес

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Жарықпен сигнал беру жабдықтары жүйесіне техникалық қызмет көрсету күнделікті, апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын және жарты жыл сайын (маусымдық) регламенттік жұмыстарды, сондай-ақ авариялық, ағымдық және жоспарлы сақтандыру жөндеулерді жүргізуден тұрады.

79. Күнделікті жұмыстарды жүргізу кезінде техникалық қызмет көрсету жұмыстарының тізбесі (ТҚ-1), апталық (ТҚ-2), айлық (ТҚ-3), тоқсандық (ТҚ-4) және жартыжылдық (ТҚ-5) / маусымдық (ТҚ-М), жылдық (ТҚ-6), жоспардан тыс регламенттік жұмыстар профилактикалық техникалық қызмет көрсету регламенттерінің технологиялық карталарында және ЖСБЖ пайдалану жөніндегі зауыттық нұсқаулықтарда келтірілген.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79-1. Жарықпен сигнал беру жабдығына, электр қондырғыларына профилактикалық техникалық қызмет көрсету осы Қағидаларға 4, 5- қосымшаларда баяндалған талаптарға сәйкес орындалады.

Ескерту. Қағидалар 79-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79-2. ЖСБЖ қызмет ету мерзімі ішінде ақаусыздық көрсеткіштерін талдау үшін осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес ЖСБЖ істен шығу және бұзылу жинақтау-картасы толтырылады.

Ескерту. Қағидалар 79-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79-3. Әрбір отқа көрінетін от элементтерінде сәйкестендіру нөмірі беріледі.

Ескерту. Қағидалар 79-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79-4. Оттардың бұрандамалы қосылыстарын тарту жылына кемінде бір рет дайындаушының ұсынымдарында белгіленген тарту сәтімен жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 79-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79-5. Қызмет қосалқы бөлшектердің жиынтығын жасақтайды, бірақ әрбір оттар жүйесі үшін кемінде 10 % болуы тиіс.

Ескерту. Қағидалар 79-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. ЖСБЖ жүйесінің ұшуын тексеру жердегі тексерулердің оң нәтижелері болған жағдайда, оның жұмыс істеуінің дұрыстығын және оның қолданыстағы стандарттарға сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

ЖСБЖ-ның жердегі тексерістері келесі іс-шараларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- зақымдалған оттардың немесе от бөлшектерінің болуы;
- жарық сүзгілерінің жай-күйі;
- коррозияның болуы;
- тазалық;
- бұрандалы қосылыстарды тарту;
- шамдарды туралау (нысаналау);
- ылғалдың/судың болуы;
- оттардың электрлік қосылыстарының жай-күйі;
- әрбір оттың құрылымы мен іргетасының жай-күйі.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Ұшу тексерулері жабдықтың монтаждалуы аяқталғаннан кейінгі жүйені пайдалануға енгізу кезінде және жүйені кезеңдік тексеру кезінде жасалады.

82. Жарық-техникалық жүйелердің ұшу тексерулерінің кезеңділігі:

бірінші санаттағы жоғары қарқындылық оттары радио-маяк жүйесімен бірге, бірақ жылына кемінде 1 рет;

екінші санаттағы жоғары қарқындылық оттары радио-маяк жүйесімен бірге, бірақ жылына кемінде 1 рет;

үшінші санаттағы жоғары қарқындылық оттары радио-маяк жүйесімен бірге, тоқсанында кемінде 1 рет;

глиссадалық оттар радио-маяк жүйесімен бірге, бірақ жылына кемінде 1 рет;

санатталмаған жоғары қарқындылық оттары мен төмен қарқындылық оттары пайдалануға енгізілген кезде және қажет болған кезде. Барлық жағдайларда рейстік ұшақтардың экипаждары жүйенің жарық-техникалық бейнесінің жай-күйіне кезеңдік бақылау жасауын қамтамасыз етеді.

83. Ұшу тексерулерін орындаудың көлемі мен тәртібі радиожарықтау техникалық құралдардың ұшу тексерулерінің бірлескен бағдарламасында анықталады.

84. Глиссадалық оттарды ұшумен тексеру жүйенің түріне байланысты арнайы бағдарламалар бойынша зертханалық ұшақтармен және пилотсыз авиациялық жүйелермен жүзеге асырылады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Жарықпен сигнал беру жабдықтар жүйелерінің ұшу тексерулерін арнайы ұшақ-зертханалары, қонудың радиотехникалық құралдарын немесе жаттығулық ұшуларды орындайтын ұшақтармен айналып ұшу кезінде ұшуларды Қызметтің аға инженерінің (инженердің) қатысуымен орындайды.

86. Жарықпен сигнал беру жабдығы жүйесінің ұшу тексеруінің нәтижелері бойынша жүйенің жұмыс істеуінің дұрыстығы мен оның қойылған талаптарға сәйкестігі туралы қорытындысы бар акті жасалады. Актілердің нысандары осы Қағидаларға 16 және 21-қосымшаларда келтірілген. Глиссадалық от-шамдардың ұшу тексеруінің нәтижелері бөлек актілермен ресімделеді.

86-1. ИКАО-ның I, II және III санаттары бойынша қонуға дәлме-дәл кіруді қамтамасыз ету үшін жабдықталған ұшу-қону жолақтары үшін жақындату оттары мен ҰҚЖ оттары жүйелерінің бөлігі болып табылатын оттардың қарқындылық параметрлерін, жарық сәулелерінің шашырау бұрыштарын және бағдарын жеке шамдардың сипаттамаларын талдау үшін дәлдікті қамтамасыз ететін жылжымалы өлшеу қондырғысын пайдалана отырып өлшеу жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 86-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86-2. ИКАО-ның I, II және III санаттары бойынша қонуға дәлме-дәл кіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын ҰҚЖ оттарының параметрлерін өлшеу кезеңділігі қозғалыс тығыздығын, ластанудың жергілікті деңгейін, орнатылған ЖСБЖ сенімділігін және эксплуатациялық өлшеулердің нәтижелерін ұдайы бағалауды ескере отырып, бірақ тереңдетілген оттар үшін жылына кемінде екі рет және жерүсті оттары үшін жылына кемінде бір рет анықталады.

Ескерту. Қағидалар 86-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қашықтықтан басқару мен телемеханика құрылғыларына техникалық қызмет көрсету

87. Әуеайлақтың орталықтандырылған электрмен жабдықтау және жарықпен сигнал беру жабдықтары жүйесіндегі қашықтықтан басқару мен телемеханика

қордырғыларына техникалық қызмет көрсетуді ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қызметінің қашықтықтан басқару және телемеханика бойынша мамандары жүзеге асырады.

88. Қашықтықтан басқару мен телемеханика жүйесінің дұрыс және сенімді жұмысын қамтамасыз ететін негізгі іс-шаралары бекітілген кесте бойынша анықталған кезеңділікпен жүргізілетін жоспарлы пайдалану тексерістері болып табылады. Жоспарлы тексерістер екі түрлі болады: толық және ішінара. Жоспарлы тексерістер дайындаушы зауыт нұсқауы көлемінде және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес орындалады.

89. Жоспарлы және ағымдық тексерулер арасындағы кезеңде шектен тыс қызудың, ластанудың, механикалық зақымданудың және жұмыс барысындағы басқа бұзылыстарды анықтау мақсатында айына бір рет қашықтықтан басқару мен телемеханика қондырғыларына сырттай тексеру жүргізу қажет.

90. Қашықтықтан басқару мен телемеханика қондырғыларына байланысты негізгі жабдықтың, сигналдық қондырғылар мен аспаптардың, қорғау және автоматиканың бақылаудағы нысандарында жөндеу немесе тексеру, тексеріліп жатқан нысанда олардың іс-әрекетін шығыс тоқтары арқылы сынап көргеннен кейін ғана аяқталған деп саналады. Әуесайлақ шамдарының қуат көздерінің шығыс тоғының номиналды мәндерінің диапазоны осы Қағидаларға 17-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 12.12.2024 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Қашықтықтан басқару мен телемеханика қондырғылары жұмысындағы істен шығуды немесе бұзылысты жойғаннан кейін ішінара тексеру көлемінде кезектен тыс (авариядан соңғы) тексеру және олардың іс-әрекетін сыннан өткізу жұмыстары жүргізіледі.

92. Ішінара және авариядан кейінгі тексерулер, жөндеулердің барлық түрлері, сондай-ақ қашықтықтан басқару мен телемеханика қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі және пайдалану журналы мен формулярда жазылады.

10. Қызметінің жедел тобының жұмысын ұйымдастыру

93. Әуежайдың тәуліктік жұмысының барлық уақытына ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдығының жұмыс істеуін жүзеге асыру үшін Қызметте жедел топ мамандарының ауысымдары бойынша кезекшілігі ұйымдастырылады.

94. Жедел топтың персоналы жедел-жөндеуші болып табылады және олар мыналарды:

1) әуежайдың жарықтандыру техникалық жабдығының, электрмен қамтамасыз ету жүйесінің және оның объектілерінің белгіленген режимдерінде үздіксіз жұмыс істеуін;

2) электр жабдығын жедел ауыстырып қосуды, қызмет ететін персоналдың жұмысқа жіберілуіне рұқсат беру, жүргізу, келісу, дайындауды;

3) электр қондырғыларын техникалық пайдалану және электр жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының сақталуын;

4) Қызмет объектілерінде өрт қауіпсіздігін сақтауды;

5) ұшу-қону жолақтарында жұмыс жүргізілген кезде жарықпен сигнал беру жабдықтары оттарының сақталуына бақылау жасауды;

6) жедел техникалық қызмет көрсетудің жүргізілуін;

7) техникалық құжаттамалар жүргізуді;

8) электр энергиясының ұтымды пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді.

95. Жедел топтың ауысым персоналы кезекшілікті қабылдаған кезде мыналарды:

1) жабдықтың жай-күйі мен жұмысқа жарамдылығын;

2) ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету объектілерінің резервтік электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жұмысқа дайындығын;

3) жедел техникалық құжаттардағы алдыңғы ауысымның жазбаларын;

4) жеке қорғау құралдарының, өлшеу аспаптарын, құрал-жабдықтарының болуы мен жарамдылығын, сондай-ақ медициналық қобдишаның жинақталуын тексереді.

96. Әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етуге байланысты электр қондырғыларының барлық жедел ауыстырылып қосылуы ұшу басшысымен (аға диспетчермен) келісілгеннен кейін ғана жүргізіледі.

97. Кезекшілікті қабылдау мен тапсыру, сондай-ақ жедел персонал ауысым кезінде атқарған барлық жұмыстар нысаны осы Қағидаларға 19-қосымшада келтірілген, жедел топтың жұмысын есепке алу журналында ресімделеді.

98. Ұшуды қамтамасыз ететін ұшуды электр жарығымен техникалық қамтамасыз ету жабдығының жұмысындағы кез келген істен шығуларды (аварияларды) жедел топтың ауысымдық инженері (технигі) ұшу жетекшісіне (аға диспетчерге), Қызметтің бастығына жедел баяндайды және оларды жою бойынша шұғыл шаралар қолданады, ал ақаулықтар жойылғаннан көрсетілген лауазымды тұлғаларға жабдықтың жұмысқа дайындығы туралы баяндайды және жедел топ жұмысын есепке алу журналына тиісті жазба жасайды.

99. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдығының барлық істен шығу және ажыратылу жағдайлары журналда жазбалармен, ал ұшу қызметінің бұзылысына әкеп соқтырғандар актілермен ресімделеді. Егер электрмен қамтамасыз ету жүйесінің бұзылысы ақаулықтың немесе сыртқы көздің кенеттен (алдын-ала хабарланбастан) ажыратылудың салдарынан болған болса, Қызмет бастығы оның себептерін анықтап, шаралар қолданады, актінің мазмұнын энергиямен қамтамасыз етуші ұйыммен келісіп, оған актінің бірінші данасын жібереді.

100. Электр қондырғыларының барлық жұмыстары тек жедел топ аға инженерінің техниктің хабардар болуымен және рұқсатымен орындалады, нысаны осы Қағидаларға

20-қосымшада келтірілген қызмет нарядтары мен өкімдерін тіркеу журналында тіркеледі.

101. Қызмет персоналының кезекшісі:

1) әуеайлақ аумағы тазаланғаннан кейін от-шамдар арматураларының жай-күйін тексереді және зақымданғандары болса оларды жөндеп акті жасайды;

2) жарықпен сигнал беру жабдығының, радиожарық беру техникалық жабдықтың және әуе қозғалысына қызмет көрсету объектілерін электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жұмысқа жарамдылығын ұйымдастыруды күнделікті тексереді;

3) басқа қызметтер мен ұйымдардың электр жабдықтарын жөндеуге берген тапсырыстарына осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес есеп жүргізеді;

4) жер қазу жұмыстарын жүргізуге осы Қағидалар 22-қосымшаға сәйкес тұлғаларда рұқсаттың болуын тексереді;

5) қажетті құжаттама болмаған жағдайда жұмыс жүргізуге тыйым салады.

102. Апаттар бір уақытта екі жерде орын алған жағдайда негізгі көлікке қосымша екінші жедел көлікті бөлу көзделеді.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Электр энергиясы шығысын есептеуді ұйымдастыру

103. Электр энергиясы шығысын есептеу жалпы әуежай бойынша электр энергиясының шығысы және оның объектілері бойынша есепке алуды көрсетеді.

104. Енгізілетін құрылғылардың релелік кіші станциясының немесе кірме трансформаторлық кіші станциясының электр энергиясы шығысын бақылау үшін энергиямен жабдықтаушы ұйымда санауыштың болуына қарамастан бақылау санауыштары орнатылады.

105. Әуежайдағы, оның өндірістік қызметіне байланысты емес электрмен қамтамасыз ету объектілері, сондай-ақ бөгде ұйымдардың (субабоненттер) объектілері, жүйеге қосылған электр қабылдағыштардың қалады мөлшеріне қарамастан, энергиямен қамтамасыз ету желісінің кіші станциясын шығатын жерінде есептеуші санауыштарымен жабдықталады.

106. Энергиямен жабдықтаушы ұйыммен және субабоненттерінің есептері шарттармен ресімделеді.

107. Әуежай қызметтері мен бөлімшелері бойынша тоқсандық және айлық тұтынымдары көрсетілген жылдық жоспарларын берілген өтініштер негізінде қызметтің есептеу және жоспарлау тобы жасайды.

108. Электр энергиясы шығысын санауыштардың көрсеткіштері осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес электр энергиясы шығысын техникалық есептеу журналына ай сайын жазылады.

109. Әр айдың, тоқсанның және жылдың соңында әуежайдағы электр энергияның жалпы шығысының қорытындысы келесі объектілердің топтары бойынша жинақталады:

- 1) әуежайдың өндірістік қызметін қамтамасыз етуші объектілер кешені;
- 2) қосалқы объектілер (әкімшілік-басқарушы ғимараттар, профилакторийлер, қонақ үйлер, асханалар, мейрамхана, дәмхана, тұрмыстық ғимараттар және тағы басқалар);
- 3) тұрғын қалашық, балалар мекемелері, емханалар, дүкендер, клубтар, тұрмыстық қызметтер, қосалқы шаруашылық және тағы басқа;
- 4) бөгде ұйымдар (әрқайсысы бойынша бөлек). Қорытынды көрсеткіштер негізінде абоненттер мен субабоненттер әуежайда толығымен электр энергиясының шығысына талдау жүргізеді.

110. Әр айдың соңында электр энергиясына есеп шот беру үшін шартқа сәйкес авиакәсіпорын энергиямен жабдықтаушы ұйымға немесе оның бөлімшесіне өткен айдың басы мен соңына жалпы әуежай бойынша және электр энергиясына әр түрлі төлем тарифтері бар оның жеке объектілеріне есеп шоттары көрсеткіштері туралы мәлімет жібереді.

111. Әуежайдың әр түрлі қызметтерінде электр энергиясын тұтынуда белгіленген лимиттің сақталуын ұйымдастыруды бақылауды Қызмет бастығы, ал әрбір қызмет бойынша электр энергиясының ұтымды жұмсалуды мен электр энергиясын тұтынудың белгіленген лимитінің сақталуы бойынша бақылауды электр қондырғыларын пайдаланатын қызмет бастығы жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Азаматтық авиациясының
ұшуды электрлі жарықпен
техникалық қамтамасыз
ету қағидаларына
1-қосымша

Электрлі жарықтың техникалық жабдықтары ішінара істен шыққанда оларды пайдалануға қойылатын шектеулер

1. Ұшу басталарда ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету құралдары жарамдылық нормаларына сәйкес келуі және ақаулықтары болмауы тиіс.

2. Ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдықтары мынадай ішінара істен шыққан кезде әуеайлаққа әуе кемелерін қабылдауды жалғастыруға рұқсат етіледі:

- 1) I санатты минимум бойынша:

ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету жабдығының орталық оттары істеп тұрған кезде қондыру бағытшамының екі фидерінің біреуі;
импульстық немесе глиссадалық оттар;

шеткі қауіпсіздік жолағының бүйірдегі оттары жерге қону аймағының оттары, ұшу-қону жолағының ось оттары істен шыққан кезде.

2) II-санатты минимум бойынша:

импульстік және глиссадалық оттар;

қондырудың фар екі фидерінің біреуі;

рульдеу жолдарының тереңдетілген оттары істен шыққан кезде.

3) I-II-санатты минимумдар бойынша:

ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету объектілерінің (радиомаяк жүйелерінен, жарық жүйесінен, командалық-диспетчерлік пунктерден, әуе қозғалысына қызмет көрсету жүйесінің автоматтандырылған орталықтарынан басқа) электрмен қоректендірудің екі тәуелсіз көзінің бірі;

әуеайлақтың үстіндегі айналымда жүрген және тіке қону алдындағы әуе кемелері үшін ғана радиомаяк жүйелерінің, жарық жүйелерінің, командалық-диспетчерлік пунктерінің және әуе қозғалысына қызмет

көрсету жүйесінің автоматтандырылған орталықтары объектілерінің электрмен қоректендірудің үш тәуелсіз көзінің екеуі;

айналымдық шолуға жақындау оттары мен ұшу-қону жолағының айналымдық шолу оттары;

рульдеу жолдарының оттары (әуе кемелерін рульдеу ілесіп жүретін машина соңында төмендетілген жылдамдықта жүзеге асырылады) істен шыққан кезде.

4) I, II және III санатты минимумдар бойынша (аварияны жоюға дейін, бірақ 5 тәуліктен аспауы тиіс):

осы объекті үшін қайта қосудың нормативтік, ең жоғары рұқсат етілетін уақытын қалған көздерімен қамтамасыз ету кезінде қонуға инструменталдық кіруді қамтамасыз етудің және командалық-диспетчерлік пунктің радиожарық-техникалық құралдарының электрмен қоректендірудің тәуелсіз үш көзінің бірі істен шыққан кезде.

I санатты минимум мыналар:

жақындату мен жарық горизонтының прожекторлық оттары қорегі екі фидерінің бірі;

ұшу-қону жолағының фара оттары екі фидерінің бірі істен шыққан кезде ұшу-қону жолағында көріну ұзақтығы 200 м артады.

4. Жарық техникалық жабдықты қашықтан басқару істен шыққан кезде минимум санатталмаған деңгейге дейін артады (оттары кезекші персонал әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің диспетчерлік командасы бойынша ұшуды жарықпен техникалық қамтамасыз ету торабына қосу тиіс).

Жарықтандыру жабдықтарына профилактикалық техникалық қызмет көрсету жүйелерінің мақсаттары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 12.12.2024 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. I санат бойынша қонуға дәл кіру үшін жабдықталған ҰҚЖ-да профилактикалық техникалық қызмет көрсету I санат бойынша ұшуды орындау кезеңінде барлық жақындату оттары мен ұшу-қону жолағы оттарының жұмыс істеуі жүйелердің әрбірінде оттардың 85 %-ының жұмыс істеуінен тұруы тиіс:

- I санат бойынша қонуға дәл кіруге арналған жарықпен сигнал беру жүйесі;
- ұшу-қону жолағының кіру оттары;
- ұшу-қону жолағының қону оттары;
- ұшу-қону жолағының шектеу оттары.

Бағыттаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін, егер оттар арасындағы аралық Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларында белгіленгеннен едәуір аз болмаса, ақаулы шамның маңайында басқа ақаулы оттың болуына жол берілмейді.

Желілік оттар және жақындау оттарының жарық горизонттары арқылы бағыттау екі іргелес ақаулы шамдар болған кезде бұзылмайды.

2. II және III санаттар бойынша қонуға дәл кіру үшін жабдықталған ұшу-қону жолағында профилактикалық техникалық қызмет көрсету II және III санаттар бойынша ұшуды орындау кезінде барлық жақындату оттары мен ұшу-қону жолағының оттары жұмыс істейтіндей және:

Мынадай кіші жүйелердің әрбірінде оттардың 95%-ының:

II және III санаттар бойынша қонуға дәл кіруге арналған жарықпен сигнал беру жүйесі;

ұшу-қону жолағына жақын 450 метрлік учаске, ұшу-қону жолағының ось оттар, ұшу-қону жолағының кіру оттарының;

жерге қону аймағы оттарының 90%-ының;

ұшу-қону жолағына жақын 450 метрлік учаскеден тыс жерге қонуға кірудің жарықпен сигнал беру жүйесі оттарының 85%-ының;

ұшу-қону жолағының шектеу оттарының 75%-ының жұмыс істеуінен тұруы тиіс.

Бағыттың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін ақаулы оттардың рұқсат етілген пайызы жарықтандыру жүйесінің негізгі конструкциясын өзгертуге рұқсат етілмейді. Сонымен қатар, екі іргелес ақаулы оттың болуына жол берілетін желілік оттарды немесе жарық горизонттарын қоспағанда, ақаулы оттың басқа ақаулы оттың жанында орналасуына жол берілмейді.

Желілік оттар, жарық горизонттары және ұшу-қону жолағындағы қону оттары, егер олар көлденең бағытта дәйекті түрде орналасса - бір желілік жарықта немесе жарық горизонтында немесе бойлық бағытта - бүйірлік оттардың немесе желілік оттардың бір қатарында болса іргелес болып саналады.

3. Ұшу-қону жолағында күту аймағында көзделген, 300 м-ден аз ұшу-қону жолағында көріну қашықтығы жағдайында пайдалануға арналған ұшу-қону жолағымен бірлесіп қолданылатын "стоп" желісінің оттарына профилактикалық техникалық қызмет көрсету екіден артық ақаулы шамдардың болмауынан және Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларында белгіленгеннен едәуір аз болған жағдайларды қоспағанда, орналастырылған ақаулы оттар екі қатар болмауынан тұрады.

4. Бұру-жылжу жолына қатысты профилактикалық техникалық қызмет көрсету ҰҚЖ-да 300 м-ден кем көріну жағдайларында пайдалануға арналған бұру-жылжу жолдарының осьтік оттарында қатар орналасқан екі ақаулы оттың болмауын қамтамасыз етуден тұрады.

5. 550 м-ден кем ҰҚЖ-да көріну жағдайларында ұшуға арналған ҰҚЖ-ға профилактикалық техникалық қызмет көрсету, ұшу кезінде барлық ҰҚЖ оттарын ұшуды орындау кезеңінде сенімді пайдалануды және келесі шарттарды қамтамасыз етуден тұрады:

ҰҚЖ осьтік оттары (көзделген жерде) және қону оттарының 95%-ы жұмыс істеуі және ҰҚЖ-ның шектеу оттарының 75%-ы жұмыс істеуі тиіс.

Бағыттаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін бір ақаулы оттың жанында екінші ақаулы оттың болуына жол берілмейді.

6. 550 м-ден артық ҰҚЖ-да көріну жағдайларында ұшуға арналған ҰҚЖ-ға профилактикалық техникалық қызмет көрсету, ұшу кезінде ҰҚЖ-ның барлық оттары сенімді жұмыс істейтінін және ҰҚЖ-ның қону оттарының 85%-ы жұмыс істеп тұрғанын қамтамасыз етуден тұрады. Бағыттаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін көршілес екі ақаулы шамның болуына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясының ұшуын
электрлі жарықпен-техникалық
қамтамасыз ету қағидаларына
3-қосымша

Ұшуды электрлі жарықпен-техникалық қамтамасыз ету қызметі құжаттамаларының тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Журналдар

1) электр қондырғыларын ағымдағы жөндеуге өтінімдер журналы;

- 2) құжаттарды зерделеу журналы;
- 3) кабельдік сақиналар журналы (ҰЖТҚЕ);
- 4) кабельдік желілер журналы (ҰЭТҚЕ);

5) техника және өрт қауіпсіздігі, жабдықтарды пайдалану бойынша білімдерін тексеру журналы;

- 6) аварияға қарсы және өртке қарсы жаттығулар журналы;
- 7) хаттамалар, сынақтар мен тексерулер актілерінің журналы (ӨЖ);
- 8) нарядтар мен өкімдерді тіркеу журналы;
- 9) кабель сақиналарының оқшаулау кедергілерінің журналы;
- 10) техникалық оқу және талдау журналы;
- 11) дизель-генераторларға техникалық қызмет көрсету журналы (ҰЖТҚЕ);
- 12) резервтік дизель-генераторларға техникалық қызмет көрсету журналы (ҰЭТҚЕ);
- 13) жабдықтар мен материалдарды есепке алу журналы (Жоспарлау);
- 14) жабдықтар мен материалдарды есепке алу журналы (ҰЖТҚЕ);
- 15) жабдықтар мен материалдарды есепке алу журналы (ҰЭТҚЕ);
- 16) электр қондырғыларын сынау және тексеру хаттамаларын, актілерін есепке алу журналы;

- 17) ӨЖ жұмысын есепке алу журналы;
- 18) ЖППШ жұмысын есепке алу журналы;
- 19) жедел топтың жұмысын есепке алу журналы;
- 20) торап (ҰЖТҚЕ) жұмысын есепке алу журналы;
- 21) тораптың жұмысын есепке алу журналы (ҰЭТҚЕ);

2. Нұсқаулықтар

22) ішінара істен шыққан жағдайда жабдықты пайдалануды шектеу жөніндегі нұсқаулық;

23) қауіпсіздік техникасы және алғашқы көмек көрсету жөніндегі нұсқаулық (ӨЖ);

24) қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі шаралары, жөндеу (ЖППШ) бойынша нұсқаулықтар;

25) өзара іс-қимыл және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар (ҰЖТҚЕ);

26) өзара іс-қимыл және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық (ҰЭТҚЕ);

27) басқа қызметтермен өзара іс-қимыл және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар (жедел топ);

28) техника және өрт қауіпсіздігі, жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар;

3. Схемалар

29) ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету қызметінің құрылымдық сызбасы;

30) қашықтан басқару схемасы (ҰЖТҚЕ);

31) торап нысандарының электрмен жабдықтау схемасы (ҰЖТҚЕ);

32) дизель-генераторлардың автоматика сұлбалары (ҰЖТҚЕ);

33) жоғары вольтты және төмен вольтты электрмен жабдықтау схемалары;
34) жарықпен сигнал беру жабдықтарының сұлбалары;
35) төмен вольтты қалқандар мен кепілдендірілген қуат қалқандарының (ҰЖТҚЕ) схемалары;

36) жарықтықты реттегіштердің сұлбалары;
37) жалпы мақсаттағы нысандарының электр жабдықтарының схемалары;
38) жарықпен сигнал беру жабдықтарының сұлбалары;
39) күштік және жарықтандыру желілерінің атқарушылық схемалары;
40) электрмен жабдықтау және электрмен қоректендіру схемаларының жиынтығы;

4. Кестелер

41) сыртқы жарықтандыруды қосу және өшіру кестесі;
42) жабдықтарды күрделі жөндеу кестесі (Жоспарлау);
43) жабдықтарды күрделі жөндеу кестесі (ҰЖТҚЕ);
44) жабдықты күрделі жөндеудің кестесі (ҰЭТҚЕ);
45) ұшуды тексеру кестесі (ҰЖТҚЕ);
46) метрологиялық салыстырып тексеру кестесі (ҰЖТҚЕ);
47) өлшеу құралдарын метрологиялық тексерудің кестесі (ҰЭТҚЕ);
48) техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестесі (ҰЖТҚЕ);
49) жабдықтарды күрделі жөндеудің мерзімділік кестесі;
50) жоспарлы-алдын ала жөндеулер кестесі (ҰЭТҚЕ);
51) тексерулер кестесі және есепке алу (Жоспарлау);
52) ауысымдық персоналдың кезекшілік және демалыс кестелері;
53) жеткізуге және қаржыландыруға өтінімдер кестесі (Жоспарлау);

5. Ведомостар

54) ақаулар ведомосы және жұмыстар тізбесі (Жоспарлау);
55) жарықпен сигнал беру жабдықтарының ақауларының ведомостары;
56) жабдық ақауларының ведомостері (ҰЭТҚЕ);
57) релелік қорғаныс қондырғыларының тізімі (ҰЭТҚЕ);
58) релелік қорғаныс қондырғыларының ведомостары;
6. Бұйрықтар / нұсқаулар / өкімдер;
59) қызмет бойынша бұйрықтар, нұсқаулар мен өкімдер;
60) бұйрықтар, нұсқаулар және басшылық құжаттар (ҰЭТҚЕ);
61) тораптың (ҰЖТҚЕ) жұмысы бойынша нұсқаулар, бұйрықтар және құжаттар;
62) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы түйін туралы бұйрықтар (ҰЖТҚЕ);
63) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы түйін бұйрықтары (ҰЭТҚЕ);

7. Өзге де құжаттар

64) қызмет туралы ереже;
65) жобалау-сметалық құжаттама (Жоспарлау);
66) пайдаланылатын жабдықтың жобалық-сметалық құжаттамасы;

- 67) жабдықтың зауыттық сипаттамалары мен төлқұжаттары (ҰЖТҚЕ);
- 68) зауыттық сипаттамалар, төлқұжаттар және формулярлар (ӘЖ);
- 69) зауыттық сипаттамалар, төлқұжаттар және формулярлар (ЖПШ);
- 70) кабельдік сақиналардың төлқұжаттары;
- 71) нарядтардың, хаттамалардың, актілердің бланкілері;
- 72) жарықпен сигнал беру жабдығын сынау хаттамалары;
- 73) жердегі тексерулердің хаттамалары;
- 74) ұшуды тексеру актілері (ҰЖТҚЕ);
- 75) электр қондырғыларын пайдалану жауапкершілігін шектеу актілері;
- 76) штаттық кесте және нақты саны;
- 77) профилактикалық техникалық қызмет көрсету регламенті (ҰЖТҚЕ);
- 78) профилактикалық қызмет көрсету регламенті (ҰӘТҚЕ);
- 79) шағым-арыз актілері;
- 80) пайдалануға жарамдылық куәлігі;
- 81) жарықаен сигнал беру жабдығына техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық;
- 82) электрлік жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық;
- 83) ҰЖТҚЕ бойынша Қағидалардың бақылау даналары;
- 84) электр қондырғыларын (ӘЖ) сынау бойынша нормалар мен нұсқаулар;
- 85) жабдықтарға, материалдарға және аспаптарға өтінімдер;
- 86) өтінімдер қалтасы (Жоспарлау);
- 87) электр беру желілері трассаларының және кабельдік желілерді байланыстырудың жоспарлары;
- 88) жұмыс жоспарлары (ЖПШ, ӘЖ, Жоспарлау);
- 89) өлшем құралдарының, қорғаныс құралдары мен жабдықтарының тізімдемесі;
- 90) абоненттер мен қызметтердің телефондарының тізімі;
- 91) ЖСБЖ істен шығу және бұзылу жинақтау картасы.

Ұшуды электрмен жарықтандыруды қамтамасыз ету қызметінің тізімінде көрсетілген құжаттама бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып, қағаз және/немесе электронды форматта жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы
Азаматтық авиациясының
ұшуды электрлі жарықпен
техникалық қамтамасыз
ету қағидаларына
4-қосымша

БЕКІТЕМІН

Әуежай басшысы _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

20__ ж " __ " __

**ӘУЕЖАЙЫНЫҢ ЭЛЕКТР
ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛЫ – АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
20__ ЖЫЛҒА ЖОБАЛЫ ЖЫЛДЫҚ КЕСТЕСІ**

Пайдаланылатын қондырғыларды ағымдағы жөндеу, профилактикалық сынаулар және тексерулер	ӨТП және зауыттық нұсқаулық бойынша кезеңділік	I тоқсан						II тоқсан ж.т.с.с.
		қаңтар		ақпан		наурыз		
		Жоспарланатын объектілер	Орындалу мерзімі	Жоспарланатын объектілер	Орындалу мерзімі	Жоспарланатын объектілер	Орындалу мерзімі	
Жоғары вольтті электр қондырғылары								
Т Қ ағымдық жөндеу	жылына 1 рет	ККС № 3, 5, 6		ККС № 2, 9		ККС № 4 ТТ		
Төмен вольтті электр қондырғылары								
Электрлі двигательдердің ағымдық жөндеуі	жылына 2 рет	Ж Ж М базасы		Аэровокзал, жүк қоймасы		Гараж, қазандық		
Кабельдік және әуе желілері								
Т П арасындағы жоғары вольтті кабельдердің профилактикалық сынақтары		—	—	—	—	5 – 4, 4—11 фидер	—	
Электр қуатының автономды көздері								

Автоматтандырылған дизель-генераторлардың бақылау тексерулері (қосылу уақыты, жұмысының тұрақтылығы және т.б.)	Апта сайын							
Жарықтандыру құралдары								
Сыртқы жарықтың ағымдағы жөндеуі	3 жылда 1 рет	Перрон, вокзал маңындағы алаң		ТО, ЖЖМ қоймасы		Автобаза өту жолдары		
Релелік қорғаныс, автоматика, телемеханика								
Жоғары вольтті және төмен вольтті АВР-ды толық бағдарлама бойынша тексеру	Жылына 1 рет	ККС № 2, 3		ОТТ		ККС № 11		
Қосалқы жабдықтар								
Қорғаныс белбеулерін, сатыларды, баспалдақтарды, құрылғыларды және т.б. сынақтан өткізу	Жылына 2 рет	—	—	—	—	—	—	—

ҰЭЖТҚ қызметінің бастығы _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

ҰТЖҚ торабының бастығы _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясының
ұшуын электрлі жарықпен-
техникалық қамтамасыз
ету қағидаларына
5-қосымша

Жарықпен сигнал беру жабдығы мен электр қондырғыларына профилактикалық техникалық қызмет көрсетудің ең төменгі регламенті

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.11.2025 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жарықпен сигнал беру жабдығының жүйелері үшін жалпы сипаттағы техникалық қызмет көрсету мынадай кестеден және іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-5/ТҚ-М	ТҚ-6	Жоспардан тыс
1	Басқару жүйесінің жұмысын тексеру	X					
2	Жабдықтарды жалпы тазалау		X				
3	Ылғалдың болуын тексеру		X				
4	Сүзгілерді және желдету/ауабаптау жүйелерін тексеру		X				
5	Қауіпсіздік қалқандарын, өрт сөндіргіштерді және қорғаныс құралдарын тексеру			X			
	Барлық сыртқы тізбектердің						

6	және кабельдік сақиналардың оқшаулама кедергілерін тексеру			X			
7	Тарату пунктеріне кіріс кернеуін тексеру				X		
8	Жерге қосу кедергісін тексеру				X		
9	Шиналарды тазалау және тексеру				X		
10	Реле жұмысын тексеру				X		
11	Май түріндегі сақтандырғыштарды тексеру				X		
12	Май ажыратқыш тарын тексеру				X		
13	Резервтік қорек көздеріне ауысу			X			
14	Басқару панельдерін немесе компьютерлік жабдықтарды тексеру				X		
15	Фотоэлементті тексеру				X		
16	G P S антенналарын тексеру				X		
17	Найзағайдан қорғайтын құрылғыларды тексеру				X		

18	Өзге де электр жабдықтарын тексеру				X		
19	Трансформаторлар мен реттегіштердегі майдың диэлектрлік беріктігін сынау					X	
20	Қажет болған жағдайда жабдықты сырлау					X	X

2. ҰҚЖ және БЖЖ жер үсті бүйірлік оттарына техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-5/ТҚ-М	ТҚ-6	Жоспардан тыс
1	Күйіп кеткен шамдарды тексеру және қажет болған жағдайда жөндеу	X					
2	Линзалардың тазалығын тексеру	X					
3	Фотометриялық тестілеу, бағыттылық пен көлбеу бұрыштарын тексеру			X		X	
4	Шамдарды нысаналау				X		X
5	Коннекторлар мен түйіспелерді тазалау						X
6	Оттар мен бекіткіштердің орнату биіктігін тексеру						X

7	Оттарда және құдықтарда ылғалдың болуын тексеру				X		
8	Коррозияға және тозуға тексеру					X	
9	Шамдардың орнатылуын тексеру және түйіспелерді тазалау					X	
10	Төсемдердің жағдайын тексеру					X	
11	Оттардың айналасын қардан және /немесе өсімдіктерден тазалау						X

3. ҰҚЖ және БЖЖ тереңдетілген оттарына техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-4	ТҚ-5 / ТҚ-М	Жоспардан тыс
1	Күйіп кеткен және күңгірт шамдарды тексеріп қарау	X					
2	Ақаулы оттарды ауыстыру		X				
3	Линзаларды тазалау			X			
4	Фотометрия лық тестілеу					X	X
5	Бұранды қосылыстар дың бекітілуін тексеру				X		X
6	Оттардың негізінде судың						X

	болуын тексеру					X	
7	Оттардың айналасын қардан тазалау						X
8	Қосалқы кабельді тексеру						X

4. Глиссаданың индикация оттарына техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-4	ТҚ-5 ТҚ-М /	Жоспардан тыс
1	Шамдардың жұмысын тексеру	X					
2	Қашықтықт ан басқару құралының жұмысын тексеру			X			
3	Механикал ы қ бөлшектерд і ң зақымдануы н тексеру			X			
4	Шамдар м е н сүзгілерді тазалау			X			
5	Сумен зақымдану ж ә н е жәндіктерді ң бар-жоғын тексеру			X			
6	Кеміргіште р ді ң бар-жоғын тексеру			X			
7	Көлбеу бұрыштары н тексеру				X		
8	Т і к е көрінімділік ті тексеру (				X		

	өсімдіктер м е н кедергілер)						
9	Жерге қосу кедергісін тексеру					X	

5. Жақындату оттарына техникалық қызмет көрсету мынадай кестелер мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-5 / ТҚ-М	ТҚ-6
1	Күйіп кеткен шамдарды тексеру	X				
2	Қашықтықтан басқару құралының жұмысын тексеру		X			
3	Күйіп кеткен шамдарды ауыстыру		X			
4	Тереңдетілген оттардың тазалығын тексеру		X			
5	Оттарды жауып тұрған өсімдіктерден тазарту			X		
6	Оттардың орнату бұрышын тексеру				X	
7	Конструкциял ардың бүтіндігін тексеру				X	
8	Т і к е көрінімділікті тексеру (өсімдіктер м е н кедергілер)				X	
9	Кабельдік оқшаулама кедергілерін тексеру					X

6. Импульсті жақындату оттарына техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

--	--	--	--	--	--	--	--

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-4	ТҚ-5 / ТҚ-М	ТҚ-6	Жоспарда н тыс
1	Барлық оттардың жарықтық тарының барлық деңгейлері ндегі жұмысын көзбен шолып тексеру	X						
2	Қашықтық т а н басқару құралыны ң жұмысын тексеру				X			
3	Оттардың бағыттыл ығын тексеру				X			
4	Тіке көрінімділ ікті тексеру (өсімдіктер мен кедергілер)				X			
5	Барлық тіректерді, айналарды және т.б. түзету және орнату бұрышын тексеру					X		
6	Шыны және шағылыст ырғыш элементте рдің жай-күйін тексеру						X	
	Конструкц иялардың шіруіне,							

7	тоттануын а , созылымд ардың тартылуын а , қисаюына тексеру					X	
8	Жыпылық тағыш блоктарды ң шкафтары ның ішін тексеру және тазалау					X	
9	Жерге қосу кедергісін тексеру, найзағайда н қорғау, клеммалар мен тіректерде гі жабдықтар					X	
10	Өндірушід ен ұсынылат ын қызмет мерзімі бойынша барлық шамдарды ауыстыру						X

7. Әуеайлақ белгілеріне техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-4	ТҚ-5 / ТҚ-М	ТҚ-6	Жоспарда н тыс
1	Күйіп кеткен шамдарды тексеру	X						
2	Тіке көрінімділ ікті тексеру (өсімдіктер							X

	мен кедергілер)	X						
3	Тірек конструкциясын тексеру				X			
4	Жарықтан дыруды / жарықтылығы өлшеу					X		
5	Конструкцияны және оның бояуын, тексеру, тазалау, жөндеу немесе ауыстыру						X	
6	Белгілердің айналасындағы қарды тазалау							X

8. Жарықтық реттегіштерге техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-5 / ТҚ-М	ТҚ-6
1	Жарықтықтың барлық сатыларында басқару тізбектерін тексеру	X				
2	Реттегіштің жай-күйін және жұмысын тексеру		X			
3	Кіріс кернеуі мен тоқты тексеру			X		
4	Жарықтықтың әрбір сатысында шығыс тоғын тексеру			X		

5	Реттегіштегі шығыс жүктемесін тексеру (қажет болған жағдайда)				X	
6	Бақылау-өлшеу аспаптарының әрбір жарықтық деңгейінің дұрыс жұмыс істеуін тексеру				X	
7	Тиристордың ашылу бұрышын тексеру					X
8	Оқшаулау кедергісін өлшеу функциясының жұмысын, сақинаның үзілуін тексеру					X
9	Күйіп кеткен шамдарды анықтау жүйесін тексеру					X
10	Коррозия ошақтарын тазалау және қайта бояу (қажет болған жағдайда)					
11	Кіріс және шығыс параметрлерінің калибрлеу					X

9. Перронның прожекторлық жарықтандыруына техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-2	ТҚ-3	ТҚ-5 / ТҚ-М	Жоспардан тыс
1	Күйіп кеткен шамдарды тексеру, ауыстыру	X				X

2	Қашықтықтан басқарудан ауысудың жұмыс істеуін тексеру (бар болса); жөндеу		X			
3	Прожекторлардың бағыттылығы мен көлбеу бұрышын тексеру және реттеу			X		
4	Әуе кемелері тұрақтарының жарықтандыру деңгейін тексеру				X	X

10. Дизель-генераторлық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, мынадай кесте мен іс-шаралардан тұрады:

Жұмыс түрлері		ТҚ-1	ТҚ-3	ТҚ-6
1	Техникалық параметрлердің күйін, қателер мен сұйықтықтың ағып кетуін тексеру	X		
2	Генераторды ұзақтығы кемінде 10 минут жүктемемен іске қосу		X	
3	Желі жоғалған кезде автоматты түрде іске қосылуын тексеру		X	
4	Генератордың жұмыс режиміне шығу уақытын тексеру		X	
5	Кернеудің рұқсат етілген рұқсаттарға сәйкес келетініне көз жеткізу үшін вольтметр көрсеткіштерін тексеру	X		
	Ауыстырғыш жабдықты шамадан			

6	тыс қыздыруға және ақаулықтарға тексеру		X	
7	Генераторды тербелістерге және қызып кетуге тексеру		X	
8	Дизельдік қозғалтқышты кез келген біркелкі емес жұмыс үшін тексеру		X	
9	Сынақтан кейін резервуардағы жанармай деңгейін жылжыту; қажет болған жағдайда жанармай құю		X	
10	Ауытқуларды немесе қажетсіз өнімділік көрсеткіштерін анықтау үшін тексеру; түзету шараларын қабылдау және жөндеу		X	
11	Сынақ жүргізу кезінде өлшеу құралдарының көрсеткіштерін оның тізілімі және ықтимал ақауларды анықтау үшін алдыңғы көрсеткіштермен салыстыру			X

11. Осы регламент жарықпен сигнал беру жабдықтары мен электр қондырғыларының жүйелеріне профилактикалық қызмет көрсетуге қойылатын минималды талаптарды белгілейді.

12. Әуеайлақ пайдаланушысы басшылыққа ала отырып, техникалық қызмет көрсетудің жиірек немесе кеңейтілген кезеңділігі мен құрамын белгілеуге құқылы:

жабдықты дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасымен (нұсқаулықтарымен , басшылық құжаттармен);

жабдықтың техникалық жай-күйін талдау нәтижелерімен;

климаттық және басқа да жергілікті факторларды ескере отырып, пайдалану шарттары.

13. Бұл ретте техникалық қызмет көрсетудің көлемі мен жиілігі осы регламентте белгіленгеннен төмен болмауы керек.

14. Профилактикалық техникалық қызмет көрсету бойынша регламенттік жұмыстарды орындауға арналған қызмет жабдыкталады кем дегенде мынадай электр өлшеу құралдарымен:

мультиметр (әмбебап өлшеу құралы);
мегаомметр (оқшаулау кедергісін өлшегіш);
микроомметр (өтпелі кедергі өлшегіш);
тоқ қысқыштары (тоқ қысқыштары);
фазалық-нөлдік ілмекті өлшеуіш (қысқа тұйықталу ілмектері);
жерге тұйықтау кедергісін өлшегіш;
люксметр (жарық өлшегіш);
фазалық көрсеткіш;
жарықты өлшеу функциясы бар колориметр кд/м²;
динамометрлік кілт;
портативті осциллограф.

Қазақстан Республикасы
Азаматтық авиациясының
ұшуды электрлі жарықпен
техникалық қамтамасыз
ету қағидаларына
6-қосымша

БЕКІТЕМІН

Әуежай басшысы _____

_____ (қолы) (Т.А.Ә.)

" ____ " _____ 20 ____ ж

20 ____ ж. күрделі жөндеуге жататын ҰЭЖТҚ қызметінің

_____ (жоғары вольтті,

(ЭЖТҚҚ, ЖТҚҚ)

төмен вольтті, жарық техникалық жабдық, дизель-генераторлар,
автоматика) торабының

АҚАУЛЫҚТАР ВЕДОМОСЫСЫНЫҢ НЫСАНЫ

Нысаны	Жабдық атауы	Типі, сызбасы, маркасы, жобасы	Саны (ұзындығы)	Ақау сипаты және күрделі жөндеу жұмыстарының тізбесі

_____ торабының бастығы _____

_____ (қолы) (Т.А.Ә.)

(ҰЭЖТҚҚ, ЖТҚҚ)

Ескерту. Күрделі жөндеу жүргізілетін жылдың алдындағы жыл

ішінде пайдалану процесінде анықталған ақаулықтар туралы мәліметтер ведомосына енгізіледі. Барлық анықталған ақаулықтар мен жүргізілген жөндеу жұмыстары туралы барлық мәліметтер жабдықтың формулярына және паспорттарына жазылады.

Қазақстан Республикасы
Азаматтық авиациясының
ұшуды электрлі жарықпен
техникалық қамтамасыз
ету қағидаларына
7-қосымша

Электрлі монтаждау жұмыстары бойынша қабылдап алу - тапсыру құжаттамасының тізбесі

1. Жалпы сипаттағы құжаттамалар:

- 1) электрлі монтаждау жұмыстарын қабылдау және тапсыру актілері, қосымшаларымен бірге, орындау құжаттамаларының жиынтығы (жұмыс сызбалары, қағидаттық және монтаждау схемалары);
- 2) электрлі монтаждау және баптау жұмыстары бойынша актілер мен хаттамалар;
- 3) электрлі техникалық қондырғыларды монтаждауға байланысты құрылыс жұмыстары бойынша актілер мен хаттамалар;
- 4) зауыттық құжаттамалар жиынтығы (электр жабдықтарының паспорттары мен формулярлары, олардың зауыттық сынақтарының хаттамалары, монтаждау, баптау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, монтаждалған жабдықтарға оны жасап шығарушы зауыт тарапынан қоса жіберілетін қосалқы бөлшектердің, құрал-саймандардың, тетіктер мен аспаптардың зауыттық жиынтығының ведомостары);
- 5) жобаға енгізілген өзгерістер мен ауытқулар ведомосі;
- 6) пайдалануға кедергі келтірмейтін электрлі монтаждық аяқталмаған, жұмыстар ведомосы;
- 7) монтаждалған жабдық ведомосі;
- 8) электр жабдықты (құрылымға) монтаждауға үй-жайларды (құрылғы) тапсыру актісі;
- 9) электр жабдықтарын монтаждауға қабылдау актісі.

2. Бөлу құрылғыларының құжаттамалары:

- 1) майлы ажыратқыштардың механикалық бөлігін қарап шығу мен тексерудің хаттамасы;
- 2) шиналарды монтаждау және сынау хаттамалары;
- 3) ауалық ажыратқыштардың механикалық бөлігін қарап шығу және тексеру хаттамалары;

- 4) айырғыштардың механикалық бөлігін қарап шығу және тексеру хаттамалары;
- 5) вентильдік разрядтауыштарды қарап шығу хаттамалары;
- 6) оқшаулатқыштарды қарау хаттамалары;
- 7) шиналанған түйіспелі жалғаулардың механикалық бөлігін қарау және тексеру хаттамалары;
- 8) өлшеу трансформаторларын қарап шығу хаттамалары;
- 9) комплектілік трансформаторлық кіші станцияларын және ККС және ТҚ 6-10 кв және 35 кв бөлу жабдықтарды қарау хаттамалары;
- 10) қуат коэффициентін арттыру үшін конденсаторларды қарап шығу және тексеру хаттамалары;
- 11) желілер мен шинасымдарды фазалау хаттамалары;
- 12) қорғаныс құралдарын баптау мен сынау хаттамалары;
- 13) бөлуші пунктінде орнатылған аспаптардың, аппаратура мен жабдықтың төлқұжаттары және формулярлары.

3. Трансформаторлардың құжаттамалары:

трансформаторлардың белсенді бөлігін қарау хаттамалары (егер олар жасалған болса);

трансформаторлардың кептірісін қосылуына рұқсат ету хаттамалары;

трансформаторларды кептіру хаттамалары (егер олар жасалған болса);

трансформаторлар оқшауламасының кедергісін өлшеу хаттамалары;

трансформатор майын химиялық талдау хаттамалары (толық немесе қысқартылған);

трансформатор майының электрлік беріктігін сынау және аппараттарға трансформатор майын құю хаттамалары;

трансформаторлардың, аспаптар мен жабдықтың паспорттары, формулярлары.

4. Аккумулятор батареяларының құжаттамасы:

аккумулятор батареяларының формулярлары;

қалыптау процесінде аккумулятор батареялары элементтерінің негізгі сипаттамаларының хаттамалары;

аккумулятор батареяларын монтаждау құжаттары.

5. Электр машиналарының құжаттары:

машиналарды бөлшектеп қарау және ревизиялау актілері;

машиналарды қарау және ревизиялау хаттамалары;

электр машиналарын (агрегаттарын) орнату фундаменттерінің дайындық актілері;

бөлшектеніп келген электр машиналарын монтаждау формулярлары;

электр машиналарын кептірусіз қосу мүмкіндігін тексеру хаттамалары мен электр машиналарын кептіру (егер жасалған болса) хаттамалары;

электр машиналарын (агрегаттарын) монтаждау формулярлары;

жүргізу-реттеу және қорғаныс аппараттарын қарау мен тексеру хаттамалары;

электр машиналарының, жүргізу-реттеу және қорғаныс аппараттарының формулярлары, паспорттары;

басқару, қорғау, сигнал беру және автоматтау схемаларын баптау хаттамалары.

6. Электр сымдарының құжаттары:

монтаждау алдында кәріздік құбырларын қарау актілері;

жарылу қаупі бар құрылғылар мен үй-жайларда электр сымдары өтетін болат құбырларын қысыммен сынау хаттамалары;

электр сымдарының (қосу алдында) оқшауламаларының кедергісін өлшеу хаттамалары;

коректендіру қалқаннан тұтынушыға дейінгі сымдардың төселуі мен жалғануының орындау схемасы.

7. Кабель желілерінің құжаттары:

кабельдер монтаждалатын орларды, каналдарды, тоннельдер мен блоктарды қабылдау актілері;

төсеу алдында барабандағы кабельді жылыту (қыс кезінде) хаттамалары;

кабель торабының (орындау) журналы;

жабу алдында орлар мен каналдардағы кабель кәріздерін қарау актілері;

кабель оқшауламаларының кедергісін (қосу алдында) өлшеу хаттамалары;

кабельдерді фазалау хаттамалары;

қосу алдында жоғары вольтті кабель желілерін сынау хаттамалары;

трассалар бойынша кабель желілерінің схемасы.

8. Әуе желілерінің (ӘЖ) құжаттары:

әуе желілерінің трассасын қабылдау актілері;

әуе желілері тіректерінің астына монолиттік бетон іргетастарын салу жұмыстарының журналы;

